

Инклюзивті ортада зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру тәжірибесі

А.Н. Умирбекова*, А.А. Махметова¹, А.Б. Чулембаева²

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық-ғылыми практика-тикалық орталығы, Алматы, Қазақстан Республикасы

*umirbekova.akerke@list.ru



Аңдатпа. Зерттеу өзектілігі еліміздегі инклюзивті білім беру жүйесінің даму деңгейі мен ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар, оның қатарында зияты зақымдалған оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімдеу мүмкіндіктерін айқындау тұрғысынан қарастырылған. Оның барысында зияты зақымдалған оқушылардың әлеуметтік деңгейдегі бейімделуінде еңбек дағдыларының рөлін көрсетуден тұрады. Зерттеу мақсаты инклюзивті ортада еңбек дағдыларын қалыптастыру тиімді тәжірибелерін талдап, нормативті – құқықтық құжаттарға талдау жасау арқылы тәжірибедегі қиындықтарын анықтап, арнайы ұсыныстар әзірлеуден тұрады. Теориялық талдау барысында авторлар еңбек дағдылары, инклюзивті білім беру ортасындағы кәсіптік бағдар ұғымдарының мәнін анықтап, нақты зерттеу мәселесіне сай қарастырады. Сонымен қатар зияты зақымдалған оқушылардың психологиялық және денелік ерекшеліктеріне талдау жасап, аталған ерекшеліктердің еңбекке баулуға, оның негізінде кәсіби өмірге дайындық деңгейіне әсерін көрсеткен. Инклюзивті білім беру ортасын құрудың маңызды құрамдас бөліктері, арнайы құралдар, ерекше білім беру қажеттілігін ескеретін тапсырмаларды жоспарлау, оның барысында мамандардың бірлескен қызметін маңызын көрсеткен. Еңбек дағдыларын қалыптастырудағы негізгі деңгейлерді көрсетіп, әр білім алушыға жеке тәсілдемені тиімді қолданудың маңызын айқындаған. Жалпы білім беретін мектептердегі табысты тәжірибелер мысалдарын көрсету үшін арнайы зерттеу жүргізіп, кәсіптік бағдар жұмыстарының деңгейі анықталды. Инклюзивті ортада зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру тәжірибесіндегі мәселелер мен қиындықтар анықталып, оның мүмкін болатын шешу жолдары берілген. Зерттеу нәтижесінде инклюзивті ортада еңбек дағдыларын қалыптастыру – зияты зақымдалған оқушылардың әлеуметтік бейімделуінің, кәсіби бағытталуының және қоғамға бейімдеу маңыздылығының маңызын айқындап, оның барысында ұсынылған тиімді тәжірибелер құнды қор болатыны берілген.



Кілтті сөздер: инклюзивті білім беру ортасы, зияты зақымдалған оқушылар, еңбек дағдылары, зияты зақымдалған оқушылар еңбек дағдысын қалыптастыру, әлеуметтік бейімдеу, кәсіптік бағдар, педагогикалық қолдау.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Махметова, А.А., Умирбекова, А.Н., Чулембаева, А.Б. Инклюзивті ортада зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру тәжірибесі [Мәтін] // Ғылыми-педагогикалық журнал «Білім». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №4. – Б. 128-139.

Кіріспе

Инклюзивті білім беру ортасында зияты зақымдалған оқушылардың еңбек

дағдыларын қалыптастыруда біз «Life Skills Classes» моделін қолданамыз. Зияты зақымдалған білім алушыларда еңбек дағдыларын қалыптастыру бірінші кезек-

те оқушыларға қаржылай еркіндік пен, кәсіби өзіндік айқындауда дербестік танытып, қоғамға әлеуметтік кірігу деңгейі артады.

Президент жолдауында балалар қауіпсіздігіне аса назар бөлу ұсынылған, оның негізінде әлеуметтік сала мен балалар құқығын қорғауды ерекше атап көрсетеді. Еліміздегі кадрлық әлеуетті арттыруда, әр қоғам мүшесін әлеуметтік негізде сапалы бейімдеу, өз кәсібін игерген, еңбекқор, кәсіби құзыреттілігі дамыған маман өз деңгейінде әлеуметтік тұрақтылық пен қоғам дамуына елеулі үлес қосатынын көрсетеді [1].

Қазіргі қоғам дамуы деңгейінде, болашақ мамандар арасында үш негізгі дағдыны қалыптастыру аса маңызды: ол икемді дағды ретінде сыпайы, жауапкершілігі бар, ұқыпты маман, ал қатты дағды ретінде: инновациялық технологияны жетік меңгеру, түрлі тәжірибелі модель негізінде сабақ ортасын құру, тұлғалық негізде ең басты қоғам сұранысы, эмоционалды интеллектінің жоғары болуы [2]. Осы сұранысты қамту барысында, зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыруда, білім беру тәжірибесінде біз Life Skills Classes моделін ұсынар еді, ол жауапкершілік, қарым – қатынас, әлеуметтік бейімдеушілік, эмоционалды интеллектіні дамытуда әсері зор, осы тұрғыда біздің зерттеуіміз үшін өзектілігі айқын.

Еңбек дағдыларын біз өз зерттеуімізде өмірлік дағдылар (Life Skills) ретінде тең негізде қарастырамыз, өмірлік дағдыларды қалыптастыруда оқушылар бойында шешім қабылдау, өзіндік шешімді іздестіру, шығармашылық ойлау, қарым – қатынас құра алу, өзіндік білім, эмоционалды интеллект, түрлі өмір өзгерістеріне тұрақты түрде әсер ету пайда болады. Life Skills Classes моделі өмірлік дағдылардың арнайы тізбегін түзу арқылы, ол білім құндылығын, оқушының өзгелермен жағымды қатынас құра алуын, шынайы өмірде мүмкін болатын әлеуметтік орта ерекшеліктерін ескеруге тікелей әсер етеді.

Зияты зақымдалған оқушылар бойында

еңбек дағдыларын дамытуда маңызды факторлар ретінде педагогикалық қолдау, білім беру ортасын қауіпсіз етіп құру, сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету қарастырылады, оны біз инклюзивті білім беру ортасын сапалы құрудың негізгі шарттары деп те қарастыра аламыз [3]. Зияты зақымдалған оқушылар бойында еңбек дағдыларын қалыптастыру әлеуметтік бейімделі мен өмірлік дербестік үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, оның негізінде еңбек дағдылары оқушыларға өздерін күнделікті өмірде еркін сезінуге, болашақ кәсібіне даяр болуға, болашақ кәсібін сапалы, өзіне лайықты түрде таңдауға мүмкіндік береді [4]. Еңбек дағдыларын дамытудағы маңызды рөл арнайы әдістемелерді игерген, инклюзивті білім беру ортасы ұстанымдарымен таныс, оқытудың бейімдеу стратегияларын тиімді түрде тәжірибеде қолдана алатын педагогтерге тиесілі, осы орайда болашақ педагогтерді дайындау үдерісінде білімді бейімдеу, дифференцирленген әдістерді тиімді қолдану дағдыларын, эмпатия мен әр білім алушыға өз деңгейінде демеу көрсету дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету маңыздылығы алға тартылады [5]. Инклюзивті білім беру ортасындағы еңбек дағдыларын қалыптастыруда жеке дара оқу траекторияларын құру, оқытудың әр білім алушы мүмкіндігін ескеріп құру тиімділігі бар екені, бұл бағдарламалар әр білім алушы жеке танымдық мүмкіндігін ескеріп, әр білім алушы оқу қарқынын, қызығушылығын, дағдыны игеру мүмкіндігін ескеруде маңыздылығы айқын екені көрсетілген [6]. Сондай-ақ еңбек дағдыларын дамытуда тәжірибеге тікелей бағытталған әдістерді қолдану маңыздылығы көрсетіледі, ол дегеніміз шебер сыныптар, оқудағы еңбек дағдыларын дамыту жобалары, өмірлік жағдаятты құру арқылы оқыту мүмкіндіктері. Бұл әдістер, оқыту форматтары тікелей шынайы тәжірибені әр білім алушы басынан өткеріп, оны қайталау арқылы бекіту мүмкіндігіне ие болатыны көрсетілген [7]. Еңбек дағдыларын дамытуда инклюзивті білім беру ортасын құрудың басты шарты, әлеуметтік және эмоционалды деңгейде білім алушыларға демеу көрсету, ол білім алушылар бойында сенімділікті, болашақ еңбек үдерісіне

жағымды қатынасты қалыптастырады. Оның қатарында ерекше атап өтуге болатын тұстары ынталандыру мен дұрыс психологиялық ахуал құру мүмкіндіктері, тікелей еңбек дағдыларын қалыптастыруға әсер етеді [8]. Life Skills Classes моделі зияты зақымдалған оқушыларда еңбек дағдыларын қалыптастыруда тиімді, яғни ол әр білім алушыға еңбектегі дербестік беру мен өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастыруға тікелей әсері бар. Life Skills Classes моделі эмоционалды сауаттылықты, мәселенің тез шешімін табу, академиялық дағдыларды және ересек өмірдегі қажетті өмірлік компоненттерді дамытады [9]. Life Skills Classes моделі арқылы білім беру ортасын құру, әр білім алушыға дербес түрде, болашақ кәсіби бағдарын айқындауға бағытталып, әр білім алушының қоғамдағы дербес өмірін қамтуға бағытталған. Әр білім алушы өмірлік маңызды дағдыларды дамытып, өзінің болашақ әлеуметтік тиімділігіне мүмкіндігін арттыра алады [10].

Өмірлік дағдылар бірінші кезекте, не істеу керек, қалай істеу керек деген ең маңызды сұраққа жауап беру арқылы, еңбекке баулу тәжірибесінің маңызды мәселелерінің тиімді шешіміне айналады. Өйткені еңбек дағдылары әр оқушының болашақ кәсібін, яғни болашақ еркіндігін айқындайтын бастаны дағды болып табылады.

Инклюзивті білім беру ортасында зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыруда біз «Life Skills Classes» моделін қолдану, бірқатар тиімді шешімдерді ұсынады. Ол білім беру ортасын инновациялық модельмен қамту, зияты зақымдалған оқушылардың болашақ жұмысқа орналасу мәселелерін өмірлік маңызды дағдыларды игерту арқылы шешу, зияты зақымдалған оқушыларды кәсіпке бағдарлауда тәжірибелік маңызды тетіктерді айқындау. Осы орайда зерттеуіміздің мақсаты: зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыруда, «Life Skills Classes» моделі арқылы инклюзивті білім беру ортасын құру, тәжірибелік мүмкіндіктерін айқындау болып табылады. Ол әр оқушыға жеке бағытталған тәсілдеменің тиімділігін айқындап, жалпы білім беру

мектептерінде табысты тәжірибелер мүмкіндігін көрсету арқылы зияты зақымдалған оқушылар кәсіби бағдарын айқындауға, инклюзивті білім беру ортасындағы зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын дамыту жолдарын көрсету, инклюзивті ортада еңбек дағдыларын қалыптастыру – зияты зақымдалған оқушылардың әлеуметтік бейімделуінің, кәсіби бағытталуының және қоғамға бейімдеу маңыздылығының айқындау міндеттемелерін шешіп, негізгі зерттеу мәселесін айқын көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу негізінен инклюзивті білім беру ортасындағы зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру тәжірибесін көрсетуге бағытталған, оның барысында біз келесідей зерттеу материалдарын негізге алдық, бұл зерттеу кезінде нақты зияты зақымдалған оқушылармен зерттеу жүргізілмеді, жалпы білім беру мектептеріндегі арнайы педагог, көркем еңбек пәні мұғалімдеру, психолог мамандар зерттеуге тартылды. Сондай-ақ еңбек дағдыларын қалыптастыруда қамтамасыз ететін оқу бағдарламалары мен жеке оқу жоспарлары, арнайы оқу – әдістемелік құрал ерекшеліктері қарастырылды.

Оның негізінде зерттеуімізде теориялық, эмпирикалық, педагогикалық эксперимент әдістері, сандық және сапалық талдау әдістері қолданылды. Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде инклюзивті білім беру ортасы, зияты зақымдалған оқушылардың ерекшеліктері, өмірлік дағдыларды қалыптастыру мүмкіндіктері айқындалды. Еліміздің білім беру саласындағы даму жоспары мен мемлекет басшысының жолдауындағы нақты қамтамасыз талданып, басшылыққа алынды. Сондай-ақ «Life Skills Classes» моделі негізіндегі өмірлік дағдыларды қалыптастыру мүмкіндіктері, зияты зақымдалған оқушылардың қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру модельдері қарастырылды.

Эмпирикалық әдістер ретінде, арнайы педагогтермен, психолог мамандармен ең-

бек дағдыларын дамытушы пән мұғалімдерімен әңгімелесу, сауалнама негізінде педагогтердің инклюзивті білім беру ортасындағы еңбек дағдыларын дамытуға мүмкіндіктеріне жеке көзқарастарын, оқу – әдістемелік ұмтылу деңгейін бағалау мен нақты тәжірибедегі зияты зақымдалған оқушылармен жұмыс кедергілерін анықтау зерттелді. Зияты зақымдалған оқушылардың қарапайым еңбек дағдылары, яғни жинау, реттеу, кесу, жапсыру, ас үй жұмыстары, жеке гигиена дағдылары туралы көзқарастар сараланды.

Зерттеу жалпы 5 мектепті қамтыды, бұл зерттеу ірі зерттеу аясында жүргізілген, грандтық қаржыландыру барысында жүргізілетін жоба аясында жалпы пилоттық 10 мектеп қарастырылған, бұл зерттеу тек Астана қаласы мектептерін қамтыды. Жалпы зерттеуге 231 мұғалім қатысты.

Біздің зерттеуіміздің келесі кезеңінде нақты эмпирикалық базаны кеңейту мақсаты бар, зияты зақымдалған білім алушылармен нақты педагогикалық эксперимент жүргізу жоспарлануда. Оның негізінде нақты педагогикалық экспериментке зияты зақымдалған білім алушыларды қатыстырып, эксперименттік және бақылау тобы негізінде қарастырылады. Эксперимент нәтижесінде зияты зақымдалған оқушылардың қарапайым еңбек дағдылары арнайы құралдар арқылы бағаланып, қалыптастыру деңгейінен кейінгі нәтижелерге сандық және сапалық талдау жүргізу жоспарда бар. Бұл нәтижелер зерттеу ауқымын кеңейтеді деп жоспарланған, дегенмен бұл зерттеу оның нақты алғышарты ретінде қарастырылған.

Осы негізде зерттеу кезінде педагогикалық эксперимент жүргізілмеді, оның тек бірқатар элементтері яғни мұғалімдер зерттеуі негізіндегі мүмкіндіктері көрсетілді, пән мұғалімдерінің өз сабақтарында еңбек дағдыларын дамытуда қандай арнайы тапсырмалар, нұсқаулықтар қолданылатыны талданып, оның «Life Skills Classes» негізгі ұстанымдарымен үйлесімділігі салыстырмалы негізде талданды.

Алынған сауалнама нәтижелері пайыздық көрсеткіштер, орташа мәндер арқылы талданып, кесте және диаграммалар арқылы көрсетілді. Сапалық талдау негізінде, педагогикалық бақылау, мамандармен әңгімелесу арқылы зияты зақымдалған оқушылардың қарапайым еңбек дағдылары, оқу әдістемелік қамтылу мүмкіндіктері көрсетілді. Салыстырмалы талдау негізінде, мұғалімдердің күнделікті тәжірибедегі қолданылған әдістері мен «Life Skills Classes» моделі өзара үйлесімділігі, артықшылығы мен негізгі элементтерін бейімдеу мүмкіндіктері тұрғысынан жүрді.

Алынған эмпирикалық деректерді статистикалық өңдеу барысында сипаттамалық статистика әдістері қолданылды. Зерттеуге Астана қаласындағы 5 жалпы білім беру мектебінен қатысқан 231 педагогтің ($n = 231$) сауалнама жауаптары енгізілді. Деректер пайыздық көрсеткіштер, орташа мән (M) және стандарттық ауытқу (SD) арқылы талданды.

Корреляциялық талдау нәтижесінде педагогтердің көзқарастары мен еңбек дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді қолдану деңгейі арасында орташа деңгейдегі оң байланыс анықталды ($r = 0,41$; $p \leq 0,01$).

Зерттеуде қолданылған сауалнама мен әңгімелесу әдістерінің мазмұндық валидтілігі сұрақтардың зерттеу мақсатына сәйкестігі арқылы қамтамасыз етілді. Сауалнама сұрақтары инклюзивті білім беру және еңбек дағдыларын дамыту саласындағы ғылыми әдебиеттер негізінде құрастырылды. Әдістердің сенімділігі педагогикалық бақылау, сауалнама және мамандармен әңгімелесу нәтижелерін өзара салыстыру (триангуляция) арқылы қамтамасыз етілді.

Нәтижелер

Біздің зерттеуімізде келесідей нәтижелер алынды, зерттеу инклюзивті білім беру ортасында зияты зақымдалған білім алушылардың еңбек дағдыларын дамытуға қаншалықты деңгейде дайын, білім беру ортасының оқу – әдістемелік негізде-

гі қамтылуы, «Life Skills Classes» моделінің ұстанымдарымен нақты тәжірибе қаншалықты үйлесімді, оны нақты тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін зерттеуден тұрды.

Зерттеуде нақты зияты зақымдалған білім алушылар арасында зерттеу жүргізілмеді, зерттеу тікелей осы білім алушылармен жұмыс жасайтын мұғалімдер арасында жүрді, олардың нақты тәжірибесі зерделенді.

Педагогтердің инклюзивті білім беру ортасындағы еңбек дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктеріне көзқарастары, педагогтер арасында сауалнама мен әңгімелесу жүргізілді ол келесідей нақты нәтижелерді берді. Оның ішінде барлық пән мұғалімдері, басқару бөлімі, арнайы мамандар есепке алынған. Педагогтердің басым көпшілігі зияты зақымдалған білім алушылар үшін еңбек дағдыларын қалыптастыруда оқу – әдістемелік құралдардың жеткіліксіз екенін көрсетті 75%. Зерттеу кезінде 60% жуық педагогтер, зияты зақымдалған білім алушылар үшін қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыруда арнайы тапсырмалардың қолданылмайтынын, арнайы модельдер мен визуалды нұсқаулықтарда жүйелілік жоқ екенін көрсетті. Өз тәжірибесіндегі зияты зақымдалған білім алушылардың жалпы еңбек дағдыларын дамытудағы қиындықтардың бірі ретінде, әр білім алушының ынтасының төмендігі, ол белгілі деңгейдегі оқудағы кедергі ретінде қарастырылатынын көрсеткен 72%. Арнайы педагогтер мен психолог мамандар мектептердегі зияты зақымдалған білім алушылармен жүргізілетін бағдарламалардағы, жеке ерекшелікті қамту компоненттерінің, әр білім алушының мүмкіндігін ескеріп құрылуының жеткіліксіз екенін айтқан. Бұл зерттеу нәтижелерінен көретініміз, жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың мүмкіндіктерін толық ескеретін оқу – әдістемелік мүмкіндіктердің жеткіліксіз екенін көреміз.

Жалпы білім беру мектептеріндегі оқу бағдарламалары, жеке оқу жоспарлары, әдістемелік мүмкіндіктерді зерттеуге қатысқан педагогтер тарапынан талдау ке-

лесідей нәтиже берді. Зияты зақымдалған білім алушыларға арналған оқу бағдарламалары, 5-сыныптан кейін еңбек дағдыларын, өмірлік маңызы бар қарапайым дағдыларды қамтиды, бірақ олар жалпылама сипатта берілген. Жеке оқу жоспарларында нақты еңбек дағдыларына қатысты мақсат пен міндеттемелер бар, оны іске асырудың тәсілдері, әдістері, формалары, қаншалықты қалыптастыруда жеке әр білім алушы жеке ерекшелігін ескеріп құрылғаны нақты көрсетілмеген. Оқу бағдарламаларында зияты зақымдалған білім алушылардың қарапайым өмірлік дағдыларын дамыту, яғни ас үйді жинау, жеке ыдыс аяқ тазалығын сақтау, өз бөлмесін жинау, реттеу, кесу, тігу, жапсыру сынды қарапайым дағдылар қарастырылған, оны нақты әр білім алушы ерекшелігін ескеріп нақты тәжірибеде бейімдеуде нұсқаулық қажет екенін айқын көрсеткен. Бұл тұрғыда зерттеуге қатысқан педагог жауаптарын талдау, оқу бағдарламаларын жаңартуды, әдістемелік көмек құралдарын нақты тәжірибеге бейімделген түрін ұсыну қажеттілігі бар екенін көрсетті.

Зерттеуге қатысқан педагогтер арасында «Life Skills Classes» моделінің ұстанымдарымен жалпы ақпарат берілу арқылы таныстық жұмыстары жүргізілді, содан соң оның негізгі педагогтердің тәжірибесіндегі еңбек дағдыларды қалыптастыру тәжірибесіндегі қолданылатын әдістерімен салыстырмалы түрде талдау ұсынылды. Оның негізінде үйлесімділігі, сәйкестігі, артықшылықтары мен кемшіліктері айқындалды. Оның негізінде, педагогтер күнделікті өз тәжірибелерімен салыстыра талдау арқылы бірқатар ерекшеліктерді көрсетті. Педагогтердің жиі қолданатын әдістерінің бірі, қарапайым әдістерді бөліктерге деңгейлеп бөлу, үлгі ретінде көрсету, зияты зақымдалған оқушылармен бірлесіп жұмыс істеу, вербалды әрекеттерге назар аудару. Осы негізде «Life Skills Classes» моделі визуалды түрдегі қолдауды, яғни эмоционалды интеллектінің элементтерін дамытуды, құрылымдалған орта, әр қадамды жеке қамтитын қадамдық нұсқаулықтар, жүйелі түрдегі іс әрекеттерді қайталау, өмірдік жағдаяттарды тікелей шешім қабылда-

умен ұштастыра пайдалану ерекшеліктерін атап айтқан. Зерттеуге қатысқан педагогтердің басым көпшілігі 60% «Life Skills Classes» моделін тікелей қолдап көрсеткен, дегенмен оны нақты өз тәжірибесінде қолданудың мүмкіндігі шектеулі екенін нақты айтып, оған қажетті жағдайлар, оқу – әдістемелік қамтамасыз ету қажеттілігін атап өткен. Өз күнделікті қолданыстағы әдістері мен «Life Skills Classes» моделін салыстыру барысы, жартылай ғана үйлесімділік тауып, моделді сапалы негізде қолданысқа ендіру үшін қолдау мен әдістемелік қамтамасыз ету қажеттілігі бар екенін атап өткен.

Зияты зақымдалған білім алушылармен еңбек дағдыларын дамытуда педагогтер келесідей кедергілерді атап өткен, бұл сауалнамада еркін түрдегі жауаптар нұсқасы ретінде көрсетілген. Оның негізінде, келесідей ерекше көрсетілген жауаптарды атап өтуге болады, зияты зақымдалған білім алушылардың зейіні шоғырланбаған, оларды ынталандыру мен назарын бір әрекетте ұзақ ұстап қалу қиындығы бар. Қарапайым өмірлік әрекеттерді, яғни күндетікті тұрмыстық әрекеттерді орындаудағы баяулық, дербестік жеткіліксіздігі. Қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етудегі тұрақсыздық, сабақ уақытында қарапайым еңбек әрекеттерін орындау жеткіліксіздігі, оларды нақты өмірлік дағды ретінде қалыптастыруға жағдай жасау қажеттілігі, «Life Skills Classes» моделін іске асырудағы арнайы құрал жабдықтардың жеткіліксіздігі, дегенмен егер мүмкіндік берілсе бұл модельдің тиімділігі көрсетілген. Яғни бұл жауаптарды саралай келе біз нақты, инклюзивті білім беру ортасын құру қажеттілігін көреміз.

Егер біз сауалнама нәтижелерін пайыздық түрде сипаттап көрсетсек, зерттеуге қатысқан педагогтердің басым көпшілігі, яғни 65% зияты зақымдалған оқушыларда еңбек дағдыларын қалыптастыру үшін әдістемелік мүмкіндіктердің жеткіліксіз, оны жетілдіру қажет деп есептейді. Педагогтердің 50% оқу жоспары, әдістемелік құралдардың мазмұны әр білім алушының жеке қажеттіліктерін ескеріп құрылмағаны, оны дұрыс әрі сапалы бейімдеу үшін арнайы біліктілік курс қажеттілігін көр-

сеткен. «Life Skills Classes» моделін жалпы білім беру ортасына ендіру, инклюзивті білім беру ортасын сапалы құруға, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді деп 70% педагогтер тарапынан қолдау тапқан. Қарапайым өмірлік дағдыларды сапалы дамыту, нақты болашақ кәсіби дағдыларды айқындауға бастама екенін, кәсіби дағдыларды дамыту ортасын құру қажеттілігі айқын екені зерттеуге қатысқан педагогтердің барлығы толық көрсеткен. Яғни, «Life Skills Classes» моделі нақты зияты зақымдалған білім алушылар еңбек дағдыларын дамытудағы маңыздылығы айқын деп атап айтқан.

Зерттеу нәтижелерінің сапалық талдауына келер болсақ, жүргізілген әңгімелесу, сауалнамадан біз жалпы педагогтердің зияты зақымдалған білім алушылар үшін еңбек дағдыларын дамытудың маңыздылығын айқын көреміз. Психолог мамандардың «Life Skills Classes» моделінің зияты зақымдалған білім алушылар үшін эмоционалды тұрақтылықты қамтамасыз етуге зор әсер ететінін айқын көрсеткен. Арнайы педагогтердің «Life Skills Classes» моделін қарапайым мектеп ортасына кіріктіру, зияты зақымдалған білім алушылар үшін аса маңызды күнделікті тұрмыс жағдыларын дамытуға, болашақ кәсіби мүмкіндігін айқындауға әсері зор екенін айтқанын көреміз. Сондай-ақ зияты зақымдалған білім алушылар еңбек дағдыларын дамытуға педагог жүктемесіндегі сағаттар аз, оны жеке педагогтердің бастамашылдығына тәуелділігі бар екенін көреміз.

Осы негізде, зерттеу бізге келесідей нақты нәтижелерді алуға мүмкіндік берді, зияты зақымдалған білім алушылардың еңбек дағдыларын дамытудың инклюзивті білім беру ортасында тиімді іске асуы үшін, педагогтердің әдістемелік мүмкіндіктерін, нақты бағытталған біліктілік арттыру курстары арқылы жүйелі негізде көтеру қажеттілігін; оқу бағдарламаларының мазмұнын, негізгі бағытын «Life Skills Classes» моделінің ұстанымдарымен сәйкестендіру; әр зияты зақымдалған білім алушы үшін құрылған жеке оқу жоспарының мазмұнын нақты қадамдық нұсқаулықтармен толықтыру; мектеп

тәжірибесінде визуалды және тәжірибеге негізделген қолдау құралдарын тиімді қолдану; инклюзивті ортада арнайы ұйымдастырылған еңбек дағдыларын дамыту аймақтарының болуын, оның аса қажет екендігін көрдік. Яғни бұл зерттеу авторларға, жалпы білім беру мектептерінің қарапайым тәжірибесіндегі инклюзивті тәжірибе мүмкіндіктерін арттыруды көрсететін нақты қадамдарды айқындауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Теориялық және эмпирикалық зерттеу нәтижесінде біз инклюзивті білім беру ортасында зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын дамыту арнайы ұйымдастырылған, жүйелі әдістемелік түрдегі қолдауды, арнайы біліктілікті қажет ететін күрделі педагогикалық үдеріс екенін айқындай алдық. Жалпы алынған мектептердегі педагогтердің қатысуымен жүргізілген сауалнама мен әңгімелесу нәтижелері зерттеу бізге, мектептерде зияты зақымдалған білім алушылармен белгілі деңгейде еңбек дағдыларын дамытуға бағытталған әрекеттер жүргізілетінін көрсетті. Ол тікелей педагог біліктілігіне, әдістемелік мүмкіндігіне, жеке тәжірибесіне байланысты негізде жүретінін, оның сапалы негізде инклюзивті білім беру тәжірибесін құруға жеткіліксіз екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері оқыту бағдарламалары, зияты зақымдалған білім алушылардың жеке оқу жоспарларын саралау, нақты еңбек дағдыларын дамыту мақсаттарының бар екенін, бірақ оның тәжірибедегі тиімді іске асуға жағдай жоқ екенін көрсетті. Яғни, арнайы нұсқаулықтар, арнайы бұрыштар, арнайы қолдау құралдары жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген. «Life Skills Classes» моделінің негізгі ұстанымдарымен сәйкессіздік барын, аталған модель тікелей өмірлік маңызды дағдыларды дамытуға бағытталып, нақты инклюзивті білім беру ортасының талаптарын толық негізде қамтамасыз етеді.

Педагогтердің басым көпшілігінің жауабы инклюзивті білім беру ортасындағы зияты зақымдалған оқушылардың еңбек дағды-

ларын жинау, реттеу, кесу, жапсыру, тамақ әзірлеу, жеке гигиенаны ұстануда әр білім алушыны өз деңгейінде ынталандыратын, дербестігін қамтитын жағдайға сай кедергілер кездесетінін айқын көрсетті. Зерттеуіміздегі теориялық талдауға сай, зияты зақымдалған білім алушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі маңызды екені, әр білім алушы дағдыны толық негізде игеру үшін бірқатар қайталау керектігі, және де жабдықталған орта қажеттілігі барын көрсетті. Ол біздің ірі зерттеу аясында ұсынылған «Life Skills Classes» моделінің зияты зақымдалған білім алушыларға инклюзивті білім беру ортасын құруда аса өзекті екенін көрсетеді.

Сондай-ақ зерттеу барысында инклюзивті білім беру ортасының сапалы негізде тәжірибесін қамтамасыз ететін әдістемелік материалдардың жеткіліксіздігі бар екені, оның сапалы орта құрудағы әсері айқын көрсетілген. Ол зерттеу болашақта маман дайындау үдерісіне, педагогтардың даярлық мазмұнында ескеруге қажеттілігінің, элективті курс пен біліктілік арттыру курстарының маңызын көрсетті. Бұл негізгі инклюзивті білім беру бойынша мамандарды даярлаудың маңызды тұстарын айқындайды.

Зерттеу кезінде айқындау мен қалыптастырудың деңгейлері педагогикалық эксперимент барысында толық жүргізілмегенімен, педагогтер өз тәжірибелерінде еңбек дағдыларды қалыптастыруға бағыттарған бірқатар әрекеттерді тиімді пайдаланатынын көрсеткен, тапсырмаларды бөліктерге бөліп игерту, мұғалімдердің өзіндік үлгілерін ұсыну өмірлік дағдылардың дамуына тікелей әсері бар екенін көрсеткен. Сондай-ақ ол «Life Skills Classes» моделімен үйлесімділікте іске асса, яғни ұстанымдарын ескеріп қайта бейімделсе нақты еңбек дағдыларының тиімділігі артатынын көреміз.

Педагог жауаптарынан инклюзивті білім беру ортасының негізгі ұстанымдарын қамтамасыз ету үшін арнайы курстар, мен «Life Skills Classes» моделін іске асыруға қажетті тренингтер қажет екенін атап өткен. Бұл педагогтердің көрсеткен сұранысы, еліміздің тапсырысымен тікелей ұшта-

сады, еліміздің ұлттық басымдықтарының бірі, инклюзивті тәжірибені іске асыру бойынша біліктілікті арттыру курстарын құру.

Педагогтер сондай-ақ өз жауаптарында, мамандармен бірлесе қызмет ету тиімділігін көрсеткен, оның негізінде педагогтердің арнайы педагог, психолог, ата – аналармен жұмыс жүйелі түрде бірлесіп құрылса тиімді болатынын көрсеткен, яғни бұл өмірлік маңызды дағдылардың үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Зерттеу бізге жалпы білім беру мектептеріндегі бар жағдай, мен әр мектеп әлеуетін айқындап, оны сапалы негізде өзгерту, толықтыру үшін қажеттіліктерді нақты айқындап берді. Яғни, жүйелі түрдегі өзгерістер, зияты зақымдалған білім алушылардың дербес өмірге тиімді бейімделуін әлеуметтік негізде өмірге сапалы бейімделуін қамтамасыз етуге әсері барын көрсетті.

Зерттеу нәтижелерін қарастыру негізінде «Life Skills Classes» моделінің бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылатынын көреміз, оның негізінде зияты зақымдалған білім алушылардың қарапайым еңбек дағдыларының алдымен бастапқы деңгейін диагностикалау; екіншіден, зияты зақымдалған білім алушылардың жас ерекшелігін ескеріп, танымдық мүмкіндіктеріне сай қарапайым еңбек әрекеттерін (үй жинау, реттеу, кесу, тігу, жапсыру, ас үй мен жеке тазалық деңгейі) іріктеу; үшіншіден педагогтердің өз арнайы нұсқаулықтары мен нақты қадамдарын, тапсырмаларын зияты зақымдалған әр білім алушы мүмкіндігін ескеріп бейімдеу; төртіншіден, күнделікті өмірде игерілген қарапайым дағдылардың жүйелі түрде қайталануын қадағалау мен оны бекіту; бесіншіден, алынған нәтижелерді үнемі бағалау мен педагогикалық бақылау жүргізу. Осы негіздегі деңгейлі жұмыс нақты мектеп тәжірибесіне қолдануға мүмкіндігі бар деп айта аламыз.

Зерттеу нәтижелерінен біз нақты зияты зақымдалған білім алушылармен жұмыс кезінде еңбек дағдыларын қалыптастыру кезінде кешенділік маңызын көреміз, кешенді түрде қолдау көрсету, мамандар-

дың өзара пәнаралық байланысын қажет етеді. Психолог мамандардың жақтаптары өмірлік дағдыларды дамытуда, зияты зақымдалған оқушылар ерекшеліктерін ескеру негізінде құрылымдық тапсырмалар, визуалды қолдау көрсету мен жүйелі түрде жүретін кері байланысқа аса назар бөлуді көрсеткен. Бұл нәтижелер А.Колупаева көзқарасымен ұштасады, автор пайымдауынша, өмірлік дағдылардың және еңбек құзыреттіліктерінің тиімді дамуы үшін білім беру ортасының мақсатты түрдегі бейімделуі жеткіліксіз, ол үнемі жаңартуды қажет ететін әдістемелік қолдауды да қажет етеді [11]. «Life Skills Classes» моделін оқу үдерісіне тиімді ендіру де, еңбек дағдыларын дамытуға әсер етіп, оның қолданбалы негізде дамуын қамтамасыз етеді [12]. Педагогтер зияты зақымдалған білім алушыларға шынайы өмірмен байланысты тапсырмаларды беру кезінде, олардың мотивациясы артып, дағдының тұрақты дамуы орын алады. Ол өз кезегінде зерттеушілердің пайымдауынша, зияты зақымдалған білім алушылардың еңбек әрекеттерінің тәжірибеге бағыттылығының маңыздылығын атап өтеді [13]. Осы негізде ол біздің жүргізген эмпирикалық зерттеу нәтижелерін нақтылай түседі. Өз зерттеулерінде инклюзивті білім берудің тиімділігін арнайы әдістемелік қор негізінде қамтамасыз ету маңыздылығын айтады, ол әр білім алушы жеке даму деңгейін есепке алып оқу жоспарын құру қажет деп есептеген.

«Life Skills Classes» моделін қарапайым мектеп тәжірибесіне ендіру еліміздің жалпы білім беру мектептеріне ендіруге мүмкіндігі жоғары. Дегенмен, зерттеу көрсеткендей аталған модельді тиімді ендіру жүйелі әдістемелік қолдауды қажет етіп, болашақ педагог мамандардың дайындық мазмұнын толықтыру мен қазіргі тәжірибелі мамандар үшін бірден қолданысқа тиімді тәсілдерді енгізу сынды қолдауды қажет етеді.

Қорытынды.

Авторлардың жүргізген зерттеулері зияты зақымдалған білім алушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру мүм-

кіндіктерін инклюзивті білім беру жағдайына сай анықтауға мүмкіндік берді. Бұл үдерістің сапалы негізде орындалуы тікелей педагог мамандардың әдістемелік даярлық деңгейіне, әр білім алушының жеке мүмкіндігін ескеріп ұйымдастырылған оқу материалдарына, әр таңдалған ортаны құру үлгісінің икемді болуына байланысты, және күнделікті өмірлік қажеттілігі бар дағдыларға негізгі әсерінің негізінде іске асады.

Теориялық талдау бізге, қазіргі қоғамның тиімді түрде әлеуметтік бейімделе алатын тұлғаның қажеттілігін айқын көрсетті, зияты зақымдалған білім алушылар үшін ол тікелей өмірлік маңызы бар құзыреттіліктерді қалыптастырумен тікелей байланыста дамитыны айқындалды. «Life Skills Classes» моделін тәжірибеде қолдану зияты зақымдалған білім алушылардың өмірлік дағдыларын қызметтік, яғни тәжірибеге негізделген түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Эмпирикалық нәтижелер зияты зақымдалған білім алушылар үшін қайталау, визуалды қолдау, біртіндеп берілетін тапсырмалар, баланың тікелей үдеріске қатысуы аса маңыздылығын айқындады. Дегенмен де, мектептегі айқын кедергілер бар екенін де көре алдық, әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі, арнайы құрастырылған шарттардың болмауы. Бұл зерттеу алдағы зерттеулерде кешенді, пәнаралық байланыс негізінде құрылған орта зияты зақымдалған білім алушылардың өмірлік дағдыларын дамытуда зор үлесі барын, оны да әлі терең зерделеу қажеттілігін айқын көрсетті.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Ғылым комитетінің қолдауымен АР26103111 ««Life Skills Classes» моделін ендіру арқылы зияты зақымдалған оқушыларды кәсіптік еңбекке даярлау» (2025-2027 жж.) гранттық қаржыландыруы аясында жүргізілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 02 қыркүйек, 2024 жыл. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletty-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkynazholdauy-285659>.
2. Национальный доклад Центра развития трудовых ресурсов МТСЗН РК «Рабочая сила будущего: молодежь на рынке труда Казахстана». – 2023. [Электронный ресурс] // – URL: <https://erdo.enbek.kz/main/publish/1>.
3. Australian Bureau of Statistics. Disability, Ageing and Carers, Australia: Summary of Findings. ABS. - 2018. [Electronic resource] // – URL: <https://www.abs.gov.au/statistics/health/disability/disability-ageing-and-carers-australia-summary-findings/2018>.
4. Strnadová, I., Danker, J., Dowse, L., Tso, M. Supporting students with disability to improve academic, social and emotional, and self-determination and life-skills outcomes: umbrella review of evidence-based practices. International Journal of Inclusive Education. – 2023. – P. 1-17. // – <https://doi.org/10.1080/13603116.2023.2221239>.
5. Hendra, H.J., Sapto, S.H., Saharuddin, S., Sutarsi, S.S., Sabran, S., Mantasia, M. Life Skills Education for Children with Special Needs in order to Facilitate Vocational Skills. - IOP Conf. Series: Journal of Physics: Conf. Series 1028. – 2018. [Electronic resource] // – <https://iopscience.iop.org/article/10.1088/1742-6596/1028/1/012078>.
6. Detgen, A., Fernandez, F., McMahon, A., Johnson, L., Dailey, C. Efficacy of a college and career readiness program: bridge to employment. The Career Development Quarterly. - 2021. - № 69(3). - P. 231-247. - <https://doi.org/10.1002/cdq.12270>.
7. Alkhawaldeh, N., Matar, A., Fakhouri, H. The degree to which the activities guide includes life skills and their acquisition by high school students. Universal Journal of Educational Research. – 2021. - 9(5). – P. 1088-1095. - <https://doi.org/10.13189/ujer.2021.090522>.
8. Теория профессионального развития Сюпера // Образовательный портал «Справочник». - 2023. [Электронды ресурсы] // – URL: https://spravochnik.ru/psihologiya/teoriya_professionalnogo_razvitiya_syupera.
9. Bouck, E.C. Reports of life skills training for students with intellectual disabilities in and out of school. J Intellect Disabil Res. – 2010. - 54(12):1093. -103. [Electronic resource] // - <https://doi.org/10.1111/j.1365-2788.2010.01339.x>.
10. Chang, C.C., Hwang, G.J., Ou, L.S. Fostering the Life Skills of Learners With Intellectual Disabilities Using Interactive Technologies: A Motivational Model-Based Digital Game-Based Training Approach // Journal of Computer Assisted Learning. - 2025. - Vol. 41. - <https://doi.org/10.1111/jcal.70026>.
11. Колупаева А.А., Таранченко О.М. «Інклюзивна освіта: від основ до практики»: монографія / А.А. Колупаева, О.М. Таранченко. – К.: ТОВ «АТОПОЛ», 2016. – 152 с.
12. Мартынова, И.И., Стребелева, Е.А., Закрепина,

- А.В., Бутусова, Т.Ю., Шилова Е.А., Кинаш, Е.А.** Социализация подростков с умственной отсталостью (интеллектуальными нарушениями). - М.: ИКП, 2023. — [Электронный ресурс] // – URL: https://ikp-rao.ru/wp-content/uploads/2024/02/Socializaciya_podrostkov_s_umstvennoj_otstalostju_intellektualnymi.pdf.
13. **Козырева, О.А., Субач, Л.Н.** Особенности формирования социально-бытовых навыков детей младшего дошкольного возраста с ОВЗ в условиях дома ребенка // Вестник КГПУ им. В.П. Астафьева. - 2016. - №2 (36). - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-formirovaniya-sotsialno-bytovyh-navykov-detey-mladshogo-doshkolnogo-vozrasta-s-ovz-v-usloviyah-doma-rebenka> (дата обращения: 01.09.2025).
- ## References
1. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń «Adiletty Qazaqstan: zań men tártip, ekonomikalyq ósim, qogamdyq optimizm» atty Qazaqstan halqyna Zholdaýy. 02 qyrkúiek 2024 jyl. [«Just Kazakhstan: Rule of Law and Order, Economic Growth, and Public Optimism». Address of the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan. September 2, 2024.] [Electronic resource] // – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-adiletty-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdaýy-285659>. [In Kazakh]
 2. Nacionalnyi doklad Centra razvitiia trudovykh resursov MTSZN RK «Rabochoia sila budushhego: molodezh' na rynke truda Kazakhstana» 2023 jyl. [«The Workforce of the Future: Youth in Kazakhstan's Labor Market» National Report of the Center for Labor Resources Development of the Ministry of Labor and Social Protection of the Population of the Republic of Kazakhstan, 2023.] [Electronic resource] // – URL: <https://erdo.enbek.kz/main/publish/1>. [In Russian]
 3. Australian Bureau of Statistics. Disability, Ageing and Carers, Australia: Summary of Findings. ABS. (2018). [Electronic resource] // – URL: <https://www.abs.gov.au/statistics/health/disability/disability-ageing-and-carers-australia-summary-findings/2018>.
 4. **Strnadová, I., Danker, J., Dowse, L., Tso, M.** Supporting students with disability to improve academic, social and emotional, and self-determination and life-skills outcomes: umbrella review of evidence-based practices. International Journal of Inclusive Education. – 2023. – P. 1–17. // – DOI: <https://doi.org/10.1080/13603116.2023.2221239>.
 5. **Hendra, H.J., Sapto, S.H., Saharuddin, S., Sutarsi, S.S., Sabran, S., Mantasia, M.** Life Skills Education for Children with Special Needs in order to Facilitate Vocational Skills. - IOP Conf. Series: Journal of Physics: Conf. Series 1028. – 2018. [Electronic resource] // – <https://iopscience.iop.org/article/10.1088/1742-6596/1028/1/012078>.
 6. **Detgen, A., Fernandez, F., McMahon, A., Johnson, L., Dailey, C.** Efficacy of a college and career readiness program: bridge to employment. The Career Development Quarterly. - 2021. - № 69(3). – P. 231-247. - <https://doi.org/10.1002/cdq.12270>.
 7. **Alkhawaldeh, N., Matar, A., Fakhouri, H.** The degree to which the activities guide includes life skills and their acquisition by high school students. Universal Journal of Educational Research. – 2021. - 9(5). – P. 1088-1095. - <https://doi.org/10.13189/ujer.2021.090522>.
 8. Teoriia professional'nogo razvitiia S'iupera // Obrazovatel'nyi portal «Spravochnik». - 2023. [Electronic resource] // – URL: <https://spravochnik.ru/psihologiya/teoriya-professionalnogo-razvitiia-syupera>.
 9. **Bouck, E.C.** Reports of life skills training for students with intellectual disabilities in and out of school. J Intellect Disabil Res. – 2010. - 54(12):1093. -103. [Electronic resource] // – <https://doi.org/10.1111/j.1365-2788.2010.01339.x>.
 10. **Chang, C.C., Hwang, G.J., Ou, L.S.** Fostering the Life Skills of Learners With Intellectual Disabilities Using Interactive Technologies: A Motivational Model-Based Digital Game-Based Training Approach // Journal of Computer Assisted Learning. - 2025. - Vol. 41. - <https://doi.org/10.1111/jcal.70026>.
 11. **Kolupaieva, A.A., Taranchenko, O.M.** Inkluzivna osvita: vid osnov do praktyky: Monografiya [Inclusive Education: From Fundamentals to Practice] – Kyiv: ATOPOL, 2016. - 152 p. [In Ukraine]
 12. **Martynova, I.I., Strebeleva, E.A., Zakrepina, A.V., Butusova, T.Yu., Shilova, E.A., Kinash, E.A.** Socializatsiya podrostkov s umstvennoy otstalost'yu (intellektual'nymi narusheniyami) [Socialization of Adolescents with Intellectual Disability (Intellectual Impairments)] - Moscow: IKP, 2023. - [Elektronnyy resurs]. // – URL: https://ikp-rao.ru/wp-content/uploads/2024/02/Socializaciya_podrostkov_s_umstvennoj_otstalostju_intellektualnymi.pdf. [In Russian]
 13. **Kozyreva, O.A., Subach, L.N.** Osobennosti formirovaniia sotsial'no-bytovykh navykov detei mladshego doshkol'nogo vozrasta s OVZ v usloviakh doma rebenka [Features of the Formation of Social and Daily Living Skills in Young Preschool Children with Disabilities in the Conditions of a Children's Home] // Bulletin of V. P. Astafyev Krasnoyarsk State Pedagogical University. - 2016. - № 2 (36). - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-formirovaniya-sotsialno-bytovyh-navykov-detey-mladshego-doshkolnogo-vozrasta-s-ovz-v-usloviyah-doma-rebenka>. [In Russian]

Опыт формирования трудовых навыков у учащихся с интеллектуальными нарушениями в инклюзивной среде

А.Н. Умирбекова^{*1}, А.А. Махметова¹, А.Б. Чулембаева²

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Республика Казахстан

²Национальный научно-практический центр развития специального и инклюзивного образования, Алматы, Республика Казахстан



Аннотация. Актуальность исследования рассматривается с точки зрения уровня развития системы инклюзивного образования в нашей стране и возможностей социальной адаптации обучающихся с особыми образовательными потребностями, в том числе учащихся с интеллектуальными нарушениями. В ходе исследования показана роль трудовых навыков в процессе социальной адаптации учащихся с интеллектуальными нарушениями. Цель исследования заключается в анализе эффективных практик формирования трудовых навыков в инклюзивной среде, выявлении трудностей, возникающих в практике через анализ нормативно-правовых документов, и разработке специальных рекомендаций. В ходе теоретического анализа авторы определяют сущность понятий «трудовые навыки» и «профессиональная ориентация в инклюзивной образовательной среде», рассматривая их в соответствии с исследуемой проблемой. Кроме того, проведён анализ психологических и физических особенностей учащихся с интеллектуальными нарушениями и показано их влияние на трудовое обучение и уровень подготовки к профессиональной деятельности. Определены важные составляющие создания инклюзивной образовательной среды, включая специальные средства, планирование заданий с учётом особых образовательных потребностей и значимость совместной работы специалистов. Показаны основные уровни формирования трудовых навыков и подчеркнута важность эффективного применения индивидуального подхода к каждому обучающемуся. Для демонстрации успешного опыта в общеобразовательных школах проведено специальное исследование, в ходе которого был определён уровень профессионально-ориентационной работы. Выявлены проблемы и трудности в практике формирования трудовых навыков у учащихся с интеллектуальными нарушениями в инклюзивной среде, а также предложены возможные пути их решения. В результате исследования определено, что формирование трудовых навыков в инклюзивной среде является важнейшим фактором социальной адаптации, профессиональной ориентации и интеграции учащихся с интеллектуальными нарушениями в общество, а представленные эффективные практики представляют собой ценный ресурс.



Ключевые слова: инклюзивная образовательная среда, учащиеся с интеллектуальными нарушениями, трудовые навыки, формирование трудовых навыков учащихся с интеллектуальными нарушениями, социальная адаптация, профессиональная ориентация, педагогическая поддержка.

Experience in Developing Work Skills in Students with Intellectual Disabilities in an Inclusive Environment

A.N. Umirbekova^{*1}, A.A. Makhmetova¹, A.B. Chulembayeva²

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Republic of Kazakhstan

²National Scientific and Practical Center for the Development of Special and Inclusive Education, Almaty, Republic of Kazakhstan



Abstract. The relevance of the study is considered in terms of the development level of the inclusive education system in our country and the opportunities for social adaptation of students with special educational needs, including those with intellectual disabilities. The study highlights the role of work skills in the social adaptation of students with intellectual disabilities. The aim of the research is to analyze effective practices of developing work skills in an inclusive environment, identify practical challenges through the analysis of legal and regulatory documents, and develop specific recommendations. During the theoretical analysis, the authors define the concepts of “work skills” and “career guidance in an inclusive educational environment,” examining them in accordance with the research problem. In addition, psychological and physical characteristics of students with intellectual disabilities are analyzed, and their impact on vocational training and readiness for professional life is demonstrated. Important components of creating an inclusive educational environment are identified, including special tools, planning assignments that take into account special educational needs, and the importance of collaboration among specialists. The main levels of work skills formation are presented, and the importance of effectively applying an individual approach to each student is emphasized. To illustrate successful practices in general education schools, a special study was conducted to determine the level of career guidance activities. Issues and challenges in developing work skills for students with intellectual disabilities in an inclusive environment were identified, and possible solutions were proposed. The results of the study determined that the formation of work skills in an inclusive environment is a crucial factor in the social adaptation, career orientation, and integration of students with intellectual disabilities into society, while the effective practices presented serve as a valuable resource.



Keywords: inclusive educational environment, students with intellectual disabilities, work skills, formation of work skills of students with intellectual disabilities, social adaptation, career guidance, pedagogical support.

Материал баспаға 29.06.2025 келін түсті